

«Бекітемін»
Мектеп-гимназия директоры
08.01.2025ж. Хаттамалы



Тажымшев А.А.

«Келісіді»
Қамқоршылық кеңес Сарсенов Е.

Ақтөбе қаласы
«Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025-2029 жылдардағы
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ.

МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ.

МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА СИПАТТАМА

II. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БОЛЖАМДЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ.

III. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙЫМЫ.

IV. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МИССИЯСЫ.

V. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ.

VI. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ.

VII. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

ТҮСІНІК ХАТ

Ақтөбе қаласы «Д. ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025-2029 жылдардағы

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Д. ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ» КММ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ (әрі қарай - Бағдарлама немесе Даму бағдарламасы) қазіргі мемлекеттік білім беру саясаты аясында және білім беру мекемесінің өзін-өзі жетілдіру әлеуетін ескере отырып, 2025 - 2029 жылдар аралығын қамтитын, мектептің дамуының басты бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады.

Бағдарлама мектептің жұмыс тобымен дайындалды.

Бағдарламада мектептің педагогикалық және тәрбиеленушілер ұжымдары жұмысының басты мәселелері мен мақсат-міндеттерін сипаттайтын даму үрдісі, білім беру процесінің мазмұнын жақсарту және оны тиімді ұйымдастыру шаралары көзделген. Қазіргі таңда мектептің дамуы оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасау, оның ақпараттық қоғамдағы өмірдің барлық саласында толыққанды және тиімді араласуына дайындалуды көздейді.

Бағдарлама оқыту үдерісінің, жалпы мекеменің дамуының басқару құралы болып табылады. Ол мектеп дамуын басқаруды жүйелеу, сонымен қатар, жоғары білім сапасына қол жеткізуге бағытталған, қазіргі қоғам талаптарына сай, педагогикалық ғылымның және әлеуметтік - экономикалық жағдайлардың өзгеруіне байланысты дайындалған жоспарларды жүзеге асыруға, азаматтық қоғам моделі ретінде мектептің жариялылық үрдісін қалыптастыру мақсатында дайындалды.

МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БАҒДАРЛАМА АТАУЫ	«Д. ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025-2029 жылдардағы ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздемелер	• "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; • «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы; • «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жыл 28 наурыздағы №249 қаулысы; • «Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 08.01.2022ж №348, 23.09.2023ж №406 өзгертулермен); • «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы «Білімді ұлт» ҚР Үкіметінің 12.10.2021ж №726 қаулысы; • «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы; • ҚР Білім және ғылым министрінің №130 бұйрығының 4-қосымшасы; • «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігі растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 17.06.2015ж.№391 бұйрығы; • «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022ж №292 бұйрығы; • ӘНХ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

	туралы»; «Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ» КММ Жарғысы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ» КММ педагогикалық ұжымы; • мектеп директоры; • мектеп әкімшілігі құрамы; • кәсіподақ ұйымы; • қамқоршылық кеңес; • әдістемелік кафедралық жетекшілері.
Бағдарлама мақсаттары мен міндеттері	Басқарушылық және әдістемелік қызметтің инновациялық моделін әзірлеу, директор орынбасарларының, педагогтардың қызметін әдістемелік сүйемелдеу, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі үздіксіз дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру; Жаңа формацияның педагогикалық контингентін, «оқуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандырылған оқушы ортасын» салыптастыруға, оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар ең жұртшылық арасында берік байланыс орнатуға мұқал ететін білім беру ортасын дамытудың орта білім беру факторлары мен жолдарын анықтау.
	Білім беру мазмұны: • вариативті білім беру бағдарламаларындамыту арқылы білім беру процесін әртараптандыру; • оқушыларға қолжетімді сапалы білім беру қызметтерін ұсыныатын білім беру ұйымы ретінде мектеп қызметінің моделінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық жағдайлар жүйесін құру; • мұғалімдердің педагогикалық шеберлігінің кәсіби деңгейі мен сапасын арттыру, педагогикалық шығармашылықты ынталандыру, инновациялық технологияларды игеру, педагогикалық процестің тиімділігін арттыру және білім беру сапасын қамтамасыз ету; • білім беру мазмұнын іріктеу және жұмыс оқу жоспары мен гимназиялық сыныптардың вариативтік компоненті үшін бағдарламалар әзірлеу; • әлеуметтік және педагогикалық жағдайларға барынша жауап беретін инновациялық технологияларды игеру; • оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен білім беру қызметтерінің тізбесін кеңейту (элективтік, қолданбалы, таңдау бойынша курстар, дамушы сыныптағы жеке және топтық сабақтар); • оқыту және тәрбиелеуде сабақтастықты қамтамасыз ету; • білім алушылардың білім беру және шығармашылық сұранысын барынша қанағаттандыру үшін жағдай жасау; • тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру; • оқушының танымдық белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамыту, оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау; • табысқа жету мотивациясын арттыру, әлеуметтік бейімделу деңгейін және өзара әрекеттесу мәдениетін арттыру; • Оқушының әлеуметтік мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыру оқушының өзі «Өз тұжырымдамасын» қалыптастыру және бекіту. Денсаулықты сақтау: • оқу-тәрбие процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу;

	• білім алушыларда салауатты өмір салты дағдылары қажеттілігін қалыптастыру. Кадр саясаты: • инновациялық қызметті жалғастыруға педагогикалық ұжымның уәждемесін қалыптастыру; • педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырудың жаңа формалары мен жолдарын ізлеу; • ақпараттық технологиялар саласындағы мектеп қызметкерлерінің барлық санаттарының біліктілігін арттыру. Білім беру жүйесін басқару: • білім беру ұйымының жұмыс істеуі мен дамуының әдістемелік базасын құру бойынша жұмысты ұйымдастыру (мектепті дамыту бағдарламаларын, кешенді тәсілдерді бағдарламаларды, мектеп ережелерін әзірлеу); оқу-тәрбие процесін, озық педагогикалық тәжірибені, инновацияларды бағдарламалық, әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді енгізу және тарату үшін жағдайлар жасау; жаңа білім беру контентін және оқытуды енгізуді дидактикалық және педагогикалық қамтамасыз ету, әдістемелік қолдау; • білім беру ортасын құру процесін корпоративтік басқару тетігіне әзірлеу; • жеке білім беру және мәдени қажеттіліктерді қалыптастыру және дамыту процесінде білім алушыларды сауатты және қамқорлықпен сүйемелдеу ретінде тьюторлық технологияны енгізу; • мектепті дамыту идеяларын іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті басқару жүйесінің жаңа құрылымын әзірлеу және енгізу; • жаңа ұйымдық нысандарды құру, мемлекеттік қоғамдық басқарудың жаңа субъектілерінің жұмысын жалғастыру (қамқоршылық кеңес), олардың өкілеттіктеріне айқындау; • білім беру мекемесінің ұйымдық құрылымында сүйемелдеу қызметтерін (психологиялық, диагностикалық, ақпараттық-талдамалық) одан әрі дамыту және жетілдіру; • пән мұғалімдерінің әдістемелік кафедралары жұмысының тиімділігін арттыру, ғылыми-зерттеу қызметінің құрамдас бөлігін міндетті түрде қосу және ЖОО қызметкерлерін тарту; • педагогикалық-психологиялық мониторинг жүйесін құру; • жеке тұлғаны тәрбиелеудегі білім берудің ролін арттыру; • білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету; Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету: • қаржы қаражатының қозғалысын жоспарлау және бақылау тетігін пысықтау; • қосымша қажыландыру көздерінен түскен табысты тиімді пайдалану;
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері	1-кезең 2025-2026 жж. • Іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепті дамытудың негізгі бағыттарына жағдай жасау және жүзеге асыруды бастау; • Мектепті дамыту Бағдарламасын іске асыруды ресурстық қамтамасыз ету; • Мектепті дамыту Бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асырудың арқалық нәтижелеріне сараптама ұйымдастыру; • «Дарынды балалар», «Тәрбие», «Ақпараттандыру», «Педагогикалық шығармашылық» кешенді-мақсаттық бағдарламалар әзірлеу; • Жұмыс оқу жоспарын әзірлеу, гимназиялық және бейіндік оқытудың құрылымы мен мазмұнын пысықтау, тиімді нұсқаны анықтау; • Гимназиялық кластарды жұмыс жасайтын педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру; • Денсаулық сақтау іс-шараларын іске асыру және орындау, оқушылар мен ата-аналар арасында салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттау;

	• Педагогтердің құзыреттілігін арттыру; • Пәндерді зерттеудің мақсаттары мен зерттеудің, бағалау критерийлерін және пәндер бойынша оларға қол жеткізу деңгейлерін сипаттауды қамтитын критериялды бағалау моделін зерттеу; • Критериялды бағалау жүйесі бойынша мұғалімдерге арналған оқытулар ұйымдастыру. 2-кезең 2025-2028 жж. • Мектепті дамыту Бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыруды аяқтау; • Педагогтердің білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеудің, ақпараттық -коммуникациялық технологияларын іске асыру; • Педагогтердің жаңа бастамаларын және инновациялық қызметін қолдау және ынталандыру; • Дарынды балаларды қолдау тетіктерін дамыту; • Дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша мектеп қызметінің нәтижелерін сыртқы сараптамаға ұсыну, даму бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша мектеп ұжымының шығармашылық жария есептері. • Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бейіндік оқытудың тиімділігін бағалау: мектеп педагогтарының, оқушылардың, ата-аналарының қатысуымен жиналыс. • Интерактивтік оқыту формалары мектебі педагогтарының практикалық қызметіне кіріспе. 3-кезең 2028-2029 жж. • Мектепті дамыту Бағдарламасының жүзеге асыру бойынша мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің нәтижелерін талдау; • Мектепті дамыту Бағдарламасының жүзеге асыру нәтижелерін сипаттамасы; • Білім беру шеңберінде ертегі дамыту Бағдарламасының жүзеге асыру туралы есептер; • Инновациялық білім беру технологиялары бойынша мектептің әдістемелік материалдарының қорын құру; • Тәжірибелерді қорыту, рәсімдеу және жариялау.
Қаржыландыру көздері	Мектепті дамытуға жыл сайынғы қаржы бөлу және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері

1.2.МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА СИПАТТАМА

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» 6 күндік және 3 ауысымдық режимде жұмыс жасайды. Мектепалды дайындау топтары жоқ. 1-11 кластар үшін білім беру процесі барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып жүзеге асырылады.

ЖАЛПЫ БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕНГЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

Жалпы мектеп бойынша білім алушы саны 2023-2024 оқу жылы аяғында - 3 637 оқушы.

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
--	--------------------	--------------------	--------------------

КЛАСС	оқушы саны	сана	оқушы саны	сана	оқушы саны	сана
1-4; 2-4	1824	68 %	1764	58%	1678	66,5%
5-9	1433	53 %	1729	49%	1751	54%
10-11	60	43 %	110	50%	228	57%
1-11; 2-11	3317	55 %	3603	56%	3657	58%

Жалпы орта мектепті үздік және «Алтын белгі» аттестатын алған түлектер саны

Оқу жылы	«АЛТЫН БЕЛГІ» негерлер саны	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» негерлер саны	Жалпы оқушылар саны
2021-2022	5	2	51
2022-2023	0	1	9
2023-2024	4	13	92

Негізгі орта мектеп курсы бойынша «ҮЗДІК аттестат» негерлері

Оқу жылы	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» негерлер саны	Түлек саны
2021-2022	21	198
2022-2023	24	233
2023-2024	27	257

Білім сапасы арттыру мақсатында әр тоқсан сайын, жыл сайын білім сапасы нәтижелері сараланып, төмен білім сапасын көрсеткен кластар әкімшіліктің назарына алынады. Көптеген оқушыларының барлық жағдайлары ескеріледі: оқу кабинеттерінің жабдықталуы, пән мұғалімдерінің дайындығы, оқушылардың әлеуметтік жағдайлары, ата-аналармен байланыс т.с.факторларды ескере келе, түзету шаралары ұйымдастырылды.

Осы жұмыстармен қатар, білім сапасын көрсеткіш деңгейін төмен пәндерді жетілдіру мақсатында жылдық жоспаға енгізіп, мұғалімдерге оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

Оқу процесін ұйымдастыру кезіндегі қиындықтар:

- үш ауысымда сабақ жүргізу;

-сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар өткізу үшін бос кабинеттердің болмауы;

оқушы саны көптігінен даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім беру бирысында қолайлы жағдайдың толық жасалмауы.

Мектепті бітіруші түлектердің соңғы үш жылда ҰБТ-дегі нәтижелері:

Оқу жылдары	Барлық түлек саны/	орташа балл	Мемлекеттік білім
-------------	--------------------	-------------	-------------------

	катысушы		гринтының пегерлері
2020-2021	74	77	29 (39%)
2021-2022	51	73.1	22 (43%)
2022-2023	9	6.4	3 (33%)
2023-2024	92/87	79.2	45 (49%)

Соңғы жылдарлы салыстырғанда, ҰБТде оқу динамикасы бар, 6 балл, грант үлесі 6 пайызға өскен.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

Пәндік олимпиада – оқушыға ғылымның алғашқы ізденісін қалыптастыратын ең үлкен бәсеке. Жыл сайын 9-11 класс оқушылары арасында ғылым негіздерін құрайтын, мектепте оқытылатын пәндер бойынша мектепшілік, аудандық (қалалық), облыстық және республикалық олимпиадалар өтеді. Мектеп бойынша бойынша соңғы 3 жыл ішінде 39 оқушы ғылым негіздері бойынша өткен пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары атанса, оның 16-ы облыстық олимпиадада 1,2,3 жүлделі орындар иеленді.

Оқу жылдары	Қалалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Облыстық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Республикалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны
2021-2022	27	11	6	6	1	1
2022-2023	28	14	8	6	1	1
2023-2024	29	24	16	8	1	1

Ғылым негіздері бойынша пәндік олимпиаданың **ОБЛЫСТЫҚ** кезеңдеріне талдау

Оқу жылдары	Қатысқан оқушы	қазақ және әдеби	қазақ (орыс кл)	орыс және әдеби	орыс (қазақ кл)	ағылшын тілі	тарих	құқық негіздері	математика	физика	информатика	химия	биология	география	жүлде саны, пайыз	қоғамда-лық есепте
2021-2022	8	2	1					1					1	1	6 (75%)	-
2022-2023	8	2	1		1							1	1		6 (75%)	2-ОРЫН
2023-2024	16	2	1	-	1	1								2	8 (50%)	-

2023-2024 оқу жылының облыстық пәндік олимпиадасына қатысқан оқушылардың 8-і түрлі деңгейдегі жүлделі орындар алды. Қазақ тілі және әдебиеті бойынша қатысқан 4 оқушының барлығы, орыс тілінен қатысқан 2 оқушының 1, ағылшын тілінен 1, географиядан 2 оқушының екеуі де жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Тарих, математика, информатика, химия, биологиядан қатысқан оқушылар облыстық кезеңде жоғары нәтиже бере алмады. Олимпиаданың

республикалық кезеңіне қатысқан Кәрім А. «Қазақ тілі және әдебиеті» бойынша І-орын иеленді.

Әдістемелік жұмыс.

Әдістемелік кеңес мәселесі: Білім беруде инновациялық технологияларды т айдалана отырып, мұғалімнің кәсіби біліктілігін және оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың кәсіби біліктерін шыңдау, ізденіс тудыру жұмыстарын жалғастыру;
- Білім беру мен тәрбиелеуді толығымен қамту;
- Озық іс- тәжірибе тарату;
- Дарынды оқушылармен жұмысты күшейту, жүзгізілген жұмыстарға қолдау жасау;
- Ашық сабақ, ипталықты уақытында жүргізіп отыру;
- Педагогтардың біліктілігін көтеру;
- Озық тәжірибені, жаңа әдістемелік технологияларды зерттеу, талдау.
- Білім беру технологияларын сабақта қолдану.

Қазіргі заманда сындырлы оқыту теориясына сай, бала білім алып қана қоймай, алған білімін өмірде ігерігіне жарата алатындай азамат етіп қалыптастыру – ұстаз қауымы алдындағы басты міндет болып отыр.

Д.Қонаев атындағы жылпы білім беретін орта мектеп-гимназияда 240 педагог кадр бар.

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	Өзгеріс
Жоғары білімді	219	223	+4
Артнаулы орта білімді	21	17	-4
Өзгеріс динамикасы	8%	7%	-1%

Мұғалімдердің сандық-сапалық құрамы

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Мектептегі барлық мұғалім саны	240	240
Жоғары санатты мұғалім саны	1	0
I санатты	0	0
II санатты	3	0
педагог-шебер	5	4
педагог-зерттеуші	68	64
педагог-сарапшы	42	43
педагог-модератор	60	60
Санаты жоқ	61	69
Сапалық құрам	48,3%	46,2%

Мектепте 10 әдістемелік кафедра жұмыс жасайды. Әр кафедра өзінің белгілеген әдістемелік өзекті мәселесін басшылыққа алып, жұмыстанып келеді. Әр кафедраның жылдық жұмысын қорыта келіп, ұсыныстар мен тұжырымдамалар қабылданды: -оңат педагогикалық тәжірибелі ұстаздардың сабақтағы ең тиімді әдістерін пайдалану;

-жас мамандардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

-өз бетімен білімін көтеру жұмысының нәтижелілігін арттыру.

-сабақтастық жұмыстарын ұйымдастыру

Әлді		Әлсіз	
Пән апталықтығының уақытылы, қызықты өткізілуі		Жас мамандармен жұмыстың бір жүйеге қойылуы	
Біліктілік саңатын көтеруге өтініш берген мұғалімдердің артуы, біліктілік тесттерінен өту			
Мүмкіндіктер		Қауіп-қауер	
Денгейлік бағдарлама курстары бойынша сертификатталған мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату арқылы жас мамандар мектебінің жұмысын жаңдандыру		Әдістемелік кафедра жетекшілерінің іс-құжаттарының бірізділігінің жоқтығы	

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жаңы орта білім бірегітін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірлалық идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құрылады.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП. Осы 3 құндылық бағыты бойынша жыл басында мектеп ұстанған жұмыс жоспары жасалынды және бекітілді.

2023-2024 оқу жылындағы міндеттері:

1. Әлеуметтік белсенді және шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу:

- оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, жасөспірімдерге оқу орнын басқаруға қатысуға мүмкіндік беру.

- оқушыларды қосымша білім беру жүйесіне, мектептегі әр түрлі бағыттағы шығармашылық, патриоттық және қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тарту, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бастамаларын тарту және қолдау;

- оқушылардың әлеуметтік, шығармашылық және білім беру жобаларын қолдау, халықаралық, республикалық, қалалық байқауларға қатысу

2. Оқушыларды демократия, жеке қадір-қасиет, адам құқығын құрметтеу, азаматтық, патриотизм рухында тәрбиелеу.

3. Оқушылардың өз өміріне, денсаулығына, сондай-ақ, айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету.

4. Ассоциациялық көріністердің, құқық бұзушылықтардың, девиантты мінез-құлықтың, балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

5. Оқушылардың қызығушылықтарын, Ғейімділіктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, тілектерге, қабілеттерге сәйкес кәсіби өзін-өзі зияқтау қажеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ұйымында тиімді кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту.

Жоспарланған жұмыста төмендегідей форматта жүзеге асырылды:

* Мектептегі спорттық, интеллек, патриоттық іс-шаралар;

* Сынып сағаттары;

- Жалпы мектептік мерекелер, кездесу кештері, шығармашылық бағдарламалар, театрлар;
- Экскурсиялық қызмет;
- Спорттық турнирлер, фестивальдар, байқаулар;
- Медиа технологиялар: фотокөрмелер, фильмдер, коллаждар жасау.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектептің тәрбие жүзесінде өскелең ұрпақтың патриоттық, азаматтық сезімдерін қалыптастыру жүзеге асырылуға. Қазақстандық мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі тұжырымдымасына сәйкес, жаңа қазақстандық жалпы білім беруде тәрбиеленген тұлғаның заманауи ұлттық идеясы мектеп - бұл тағдырды қабылдайтын жоғары адамгершілік, шығармашылық, құзыретті Қазақстан азаматы, Отан, өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін және тұлға ретінде, халқымыздың рухани және мәдени дәстүрлеріне негізделген.

«Біртұта: тәрбие бағдарламасына» сүйене отырып, біздің қоғам үшін Талап құндылығы бойынша: сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны танығ кұштар болу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау, дұрыс қарым- қатынас орнату білу, сауатты әмір салтын ұстау, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; Ар-ұят құндылығы бойынша: академиялық; адалдық қағидатын қолдану, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ерстасының абыр-йың асыру, халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшесіне қамқор болу, мейірімділік таныту, отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну; Ұлттық мұра құндылығы бойынша: Қазақстан мемлекеттілігін ығайтута атсалысу, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қару, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу қағидаларын негізге ала отырып, мектептің білім мен тәрбие берудегі мақсаты айқындалды.

Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы тәрбие жұмысының мақсаты - бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі қалыптасқан, ойлау қабілеті дамыған, зиянды әдеттерден бойы ала, сауатты өмір салтын ұстанатын, құқықтық және функционалды, сауаттылығы жоғары Қазақстан Республикасының патриотын тәрбиелеу.

Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық процесс оқушы мен мұғалімнің бірлескен қызметі негізінде құрылды. Оқу және тәрбие қызметі ынтымақтастық және өзара түсіністік принциптеріне негізделді. Мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыс арқылы жүзеге асырылып келеді.

Әрине, бұл мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер орындалып, тиісті іс-шаралар жүргізілді:

- жылдық тәрбие бағдарламасын жұмысының бағыттары негізінде құрылды;
- оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, бағылау жүргізілді;
- ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, олармен жұмыс жүргізілді;
- тәртіпке бағыну мен өз іс-әрекеттеріне жауапкершіліктен қарау – үнемі басты назарда;
- Қоғамда, ортада, мектепте адамгершілік құндылықтар аясында өмір сүруге бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Атап айтсақ, тәрбие жұмысының негізгі түрлері:

- тәрбие құндылықтары бойынша тәрбие жұмысы;
- мектептің дәстүрлі іс-шаралары;
- мектептің қоғамдық ұйымдармен өзара ын-хымалы;
- әр түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу (қалалықтан халықаралық деңгейге дейін); - білім алушылардың сабақтан тыс уақытта қосымша білім алу және

жалпы жұмыспен қамтылуы;

- ата-аналармен жұмыс;

- қамелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының алдын алу.

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы» заңы жоғарыда аталған негіздерді қалыптастыруға, тәрбиелеуге, дамытуға жұмылдырады. Осы мақсат-міндеттерді шешудің жауапкершілігі, мектеп оқушыларының тәрбие ісін бағыттауы мен ұйымдастыруы әр класс бойынша класс жетекшісіне жүктеледі. Ата-ана мектептегі іс-

шаралардың жүргізілуін, дұрыс ұйымдастырылуын класс жетекші арқылы біліп, байланыста болады. Яғни оқушыларды дамытып, оны ерекшелігін сақтап, потенциалды қабілеттерінің ашылып-жетілуін, тәрбие сағаты мен сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп отырған педагог, ол – класс жетекші.

Класс жетекші тәрбие сағатын күнтізбелік-тақырыптық жоспар негізінде аптасына 1 рет өткізеді. Аталған өзекті тақырыптарды қамти отырып тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс шаралар жоспарлы және жоспардан тыс өтіп тұрады:

Әр оқу жылы сайын тәрбие жұмысының жоспары құрылғанда 4 өзекті тақырыптарда тәрбие сағатын кем дегенде тоқсанына 1 рет өткізілуіне басты назар аударылады:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу (ұрлық, тәртіпсіздік, біреуді балағаттау, қоғамдық тәртіпті бұзу, қанғыбастық, топтық төбелес, т.б.)
2. Зиянды әдеттердің алдын алу: шылым шегу, нашакорлық, ішімдікпен әуестену, насыбай ату, психотроптық заттарды қолдану.
3. Ерте жүктіліктің алдын алу, жыныстық тәрбие.
4. Бала қауіпсіздігі: зорлық-зомбылықтың алдын алу (тұрмыстық, психикалық, моральдық).

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мектепшілік және жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұрған оқушылар санының үлесі

Мектеп инспекторы -1, психологтар -3, әлеуметтік педагог -2.

Құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі - оқу-тәрбие үдерісіндегі негізгі және маңызды талап. Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жоспарлы түрде «**құқықтық кенес**» өтіп тұрады. Құқықтық кенесте мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзған, сабаққа қатыспаған, оқу үлгерімі төмен, мектептен тыс орындарда құқықбұзушылықпен есепке тіркелген балалар мен жасөспірімдердің мәселелері аталғандардың, мектеп инспекторының қатысуымен қаралады.

Ақтөбе қаласы мектеп оқушыларының құқықбұзушылықтары бойынша талдау мониторингісі

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Құқықбұзушылық саны	0	0	0
Өзгеріс динамикасы	+1	=	

Мектепшілік және жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар санының үлесі: 2023-2024 оқу жылында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде – 0, мектепшілік есепте – 4 оқушы тұрды, ол жалпы мектеп контингентінің 0,096% пайыздық үлесін құрайды.

№	Мазмұны	2023-2024 оқу жылы
1	Оқушылар контингенті	3317
2	ІІБ – де есепте тұрған оқушылар саны	0
3	Мектепшілік есепте	4
15	Үйірмелер саны	26
16	Спорттық секциялар саны	15

17	Жасөспірімдер клубтары	11
18	Сенім телефоны	1
19	Әлеуметтік - оңайту орталығы	0
20	Тағы басқалары- «Сенім» кабинет	1
21	Оқушылардың адамгершілік – құқықтарының тәрбиеге байланысты ата-аналарға арналған дәрістер саны	14
22	Құқық кабинетінің саны	1
23	Құқық бұрыштарының саны	2

Есепте тұрған оқушылардың пайыздық қатынасы

№	Мазмұны	2023-2024 оқу жылы
1	Оқушылар контингенті	3317
2	ІІБ – де есепте тұрған оқушылар саны	0
3	Мектепшілік есепте	0,096%

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ДЕҢГЕЙІН ТАЛДАУ

2023-2024 оқу жылында 11-классты 92 түлек аяқтады. Оның 83і ЖОО , 7і колледждерге, 2 еңбекке орналасты. Негізгі орта білімді (9-классты) аяқтаған оқушылар саны 257 болды. Оның 84і колледждерге, 194і 10-класста оқуын жалғастырды, 2 түлек денсаулықтарына байланысты 10 класқа келген жоқ.

2.2.Білім беру ұйымының инновациялық әлеуетін талдау. Білім беру жүйесінің дамыту әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын (ішкі факторларды), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторларды) анықтауға мүмкіндік беретін талдау жасалды.

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
КАДРЛЫҚ РЕСУРСТАР			
Барлық мұғалім саны - 240 педагог-шебер - 4 педагог-зерттеуші - 64 педагог-сарапшы - 43 педагог-модератор - 60 Санаты жоқ - 69 Сапалық құрам - 46,2%	Өзіндік білімді көтеру жүйелі түрде қалыптаспаған. Аттестациядан аттестацияға дейінгі шеңбер аумағында қалып қойған.	2023-2024 оқу жылында біліктілігін арттырғандар үлесі төмен	Аттестацияға сұраныс берген педагогтер білімін бағалауда немесе портфолио жинаудан өтпей қалады.
МАТЕРИАЛДЫҚ -ТЕХНИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР			

-арнайы кабинеттерді жаңарту; -кабинеттердегі жиналдарды жаңарту;	-әрбір оқу кабинеттерін интерактивті панельдермен жабдықтау; -зертханалық жұмыстарға қажетті жабдықтармен толықтыру;	мектепті дамыту мәселелерін шешуге әлеуметтік серіктестерді тарту;	Цифрлық ресурстардың мүмкіндіктері толық пайдалану
АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР			
-интернетке қолжетімділік; -мектеп сайты, әлеуметтік желілер бар, асхана, кітапхана қоры толық қамтылды.	-барлық педагогтер цифрлық білім беру ресурстарын толық қолдана бермейді;	-цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануды үйрету курстары ұйымдастырылады.	Ата-аналар мен оқушылардың интернет ресурстарын тұрақты пайдаланбауы
БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ АРТТЫРУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
-педагогтердің бірізділіктерде, кафедраларда бірігіп жұмыс жасауы; -шығармашылық топтар; -педагог-шебер үлесі бар; -педагогтердің сапалық құрамы 13 пайыздан жоғары;	-педагогтер мен оқушылардың кәсіби шеберлік, пәндік конкурстарға қатысуы; -санаты жоқ немесе жаңа мамандар үлесі көп;	-әдістемелік кафедралар жұмысының инновациялық моделі, директіс орынбасарларының педагогтері әдістемелік сүйемелдеу мақсатында ұйымдастырылатын семинарлар болады	-қолданыстағы әдістемелік жұмыс білім беру қызметтеріне тапсырысты іске асыруда педагогтердің республикалық конкурстарға қатысу деңгейі төмен.
-ерекше білім беруді қажет ететін балаларды есепке алу, жағдайларын жасау жұмыстары жолға қойылған;	-ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін сәдергісіз орта жағдайлары ішінара жасалған. -инклюзивті білім беруіе педагогтердің әдістемелік дайындығы төмен.	-инклюзивті білім беру бойынша курстардың практикалық тұстары аз; көбіне теориялық курстар ұйымдастырылады.	ЖОО инклюзивті білім беру бағытында тьютор-көмекшілерді дайындайтын бөлімдердің болмауы.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН, БІЛІМ САПАСЫН ДАМУ ШАРТТАРЫ			
Оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін қарай үйірме-секциялар ашылған;	-дарынды балаларды дер кезінде анықтау, ерте жастан ізденіске баулу, оларды ынталандыру жұмысымен барлық мұғалім айналыспайды.	-оқушыларды ынталандыру тегіктерін жүзеге асыру, жүлдегерлер санын көбейту.	-оқу бағдарламасының шамадан тыс көптігі оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға кедергі;
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
ЖАЛПЫАДМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МҰРАТТАРҒА БАҒДАРЛАНҒАН БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ БАР ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗІН ӨЗІ ЖҮЗІГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ			
-білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектеп дәстүрі болуы; - ата-аналардың, ата-ана комитеті, «Қамқоршылық кеңестің» мектеп шараларына көнпеп қатысуы;	-оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысының әлсіздігі; -баланы, параллель кластардың шамадан тыс болуынан бақылау-басқарудың әлсіздігі;	-оқушылармен жұмыс барысында қоғаммен байланыс аясын кеңейту; -тәрбие жұмысына қоғамдық серіктестер тарту;	-интернет желісінің ысыалының өсуі; -кейбір БАҚ-нан келетін мәліметтердің өскелең ұрпақтың азаматтық санасын қалыптастыруға теріс әсері.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ			

-құқықтық актілерді және нормативтік білім беру процесінде салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша құжаттар; -дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы жүйесінің, медициналық, психологиялық-педагогикалық мониторингісі, астық тамақпен сақтау,	-оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына ынталандыру деңгейі; -дене саулығына байланысты дене шынықтыру сабақтарынан босатылған оқушылардың көбеюі.	-мектеп ғимаратынан қосалқы орындарда спорттық үйірмелер ашу; -спорттық бұздаралық шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы;	-салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану мен демалу шарттарының маңыздылығын кейбір отбасыларда жетік түсінбеуі.
--	---	---	--

2.3. МҰҒАЛІМДЕР МЕН ӨДІСТЕМЕЛІК КАФЕДРАЛАРДЫҢ МЕКТЕПТІ ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІР-ҰСЫНЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ (САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ). Педагогтерде алынған сауалнама нәтижесі мектептің даму бағытының дұрыстығы және білім сапасы мен тәртібіне бағытында жасалып жатқан біршама шараларға оң баға берілген. Алайда шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер де анықталды:

- Жыл сайын ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқыту санатына жататын оқушылар саны өсуі байқалады, инклюзивтік білім беру қажеттілігі артып келеді. ЖОО мұндай мамандарды дайындамайды, педагогтерге инклюзивтік білім берудің әдістемелік қолжетімді тәжірибесі жетіспейді.
 - Классқа көшу кезінде педагогтер сабақ жүргізетін кластарда біріншілік сақталуын көздейді, себебі бұл кластар арасында білім сапасына мониторинг жүргізу, әлді-әлсіз тұстарының себеп-салдарын анықтау, онымен түзету жұмыстарын қолға қоюға болады.
- Даму мүмкіндіктері:
- дамушы оқушыларды педагогикалық-психологиялық қолдау аясын кеңейту, оларды ынталандыру тетіктерін пайдалану;
 - педагог жетістіктерін мониторингтеу арқылы шынайы кәсіби бәсеке-естік ортасын құру;
- Шешілмеген проблемалар:
- Оқушының жеке қабілеттері бойынша жеке жұмыс ұйымдастыру, жүргізуге қолайлы ортаның болмауы (оқу кабинеттерінің тапшылығы);
 - Мұғалім жүктемесінің кестеде бірыңғай орналаспауы оқушымен жеке жұмыс, қосымша сабақтар жүргізуге педагогтің уақытының тапшылығы;
 - 3 ауысымдық, 6 күндік оқу режимі педагогтің кең ауқымда жұмыс жасауына кедергі болып отыр.

II. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БОЛЖАМДЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Бағдарламаның әзірлеудің әдіснамалық негізі дамудың негізгі бағыттарын әлеуметтік-педагогикалық жобалау теориясы болып табылады. Бұл мектепті дамып келе жатқан және үнемі өзгеріп отыратын ортада және субъект тұтас организм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның негізгі идеясы - даму идеясы.

Бағдарлама құзғареттілік тәсіл мен қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдың талаптарын ескере отырып, мазмұнды және мақсатты блоктарды түзете отырып мектеп дамуының құндылық-семантикалық өзгін сақтау қажеттілігінен туындайды. Даму бағдарламасында мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтары көрсетілген, ол бағдарлама мазмұнын жобалау кезінде мыналар арқылы ескерілген - білім беруді ізгілендіру қағида-таралын сақтау, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың ғылыми, мәдени, білім беру мекемелерінің ақпарат ресурстарын дамытудағы қажеттіліктерін есепке алу. Даму бағдарламасын іске асыру мектепте қанда, оң болжандықтар элементтер пайда болуы мүмкін деп болжанды, олардың пайда болуы даму бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде бақылану және талдау кезінде жазылуы керек. Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, бағдарламаның құндылық-

нысаналы блокты нығайтауды және мектептің білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындауды көздейді, олар болашақта мектептің білім беру процесінің субъектілері әзірлейтін бастамашыл жобаларда және мектептің жылдық даму жоспарлағында нақтыланатын болады.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫНА ҚАНАҒАТТАНУ ДӨРЕЖЕСІН ЗЕРДЕЛЕУ ҮШІН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДЕН АЛЫНҒАН САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сауалнамадағы сұрақ саны- 6. Қатысқан оқушылар саны: 1013

1. Жалпы сұрақтар

Сіз қай сыныпта оқисыз?

Бұл сауалнамаға 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Сіз мектеп-гимназиядағы жалпы білім беру деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ сауалнаманың нәтижесі бойынша 6-11 сынып оқушыларының көпшілігі мектептің білім беру деңгейін «қанағаттанамын» деп (85%) оқушы жауап берген. Мектеп-гимназиясындағы білім беру деңгейі оқушылардың көпшілігінің көңілінен шығып отыр. Бұл мектептің оқу бағдарламаларының сапалы екенін және мұғалімдердің оқушылардың қажеттіліктерін жақсы қамтамасыз ететінін көрсетеді. Оқушылардың қанағаттану деңгейінің жоғары болуы мектептің білім беру саласында оң нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын айқындайды.

Алайда 15% оқушы «орташа», «қанағаттанбаймын», «мүлдем қанағаттанбаймын» деп жауап беруі мектепте білім беру сапасын жақсарту қажет екенін көрсетеді.

Бұл жауаптар оқушылардың кейбір қажеттіліктері немесе үміттері толық орындалмағанын білдіреді.

Бұл қорытынды оқушылардың жауаптарын негізге алып, мектептің күшті жақтарын атап көрсетеді және болашақта қандай бағытта жұмыс істеу керектігін анықтауға бағытталған. Жақсарту жұмыстары білім сапасын арттыруға және барлық оқушылардың қанағаттануын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

2. Оқу процесі және мазмұны

Сізге мектептегі пәндердің мазмұны мен бағдарламасы қаншалықты түсінікті және қызықты?

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мектептегі пәндердің мазмұны мен бағдарламасы оқушылар үшін «өте түсінікті», «түсінікті», «қызықты» (73%) көрсеткіш көрсетті.

Оқушылардың 27% «орташа», «түсініксіз және қызықсыз», «мүлдем түсініксіз және қызықсыз» деп жауап беруі бағдарламаның мазмұнын жақсартуға қажеттілік тудыра екенін көрсетеді. Бұл оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығының төмендеуіне және кейбір пәндер бойынша білім алуға қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін білдіреді.

Оқушылардың көпшілігінің мұндай жауап беруі оқу бағдарламаларының оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу қабілеттеріне сай құрылып, мазмұнының қызықты екенін дәлелдейді. Бұл мұғалімдердің оқыту әдістерінің тиімділігі мен сабақтарды ұйымдастырудағы креативтілігін көрсетеді.

Бұл қорытынды оқушылардың жауаптарын негізге алып, мектеп бағдарламасының тиімділігі мен мазмұнының оқушыларға қаншалықты қызықты екенін көрсетеді және болашақта жетілдіру бағыттарын ұсынады. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге оқыту әдістерін жаңарту, мазмұнды оқушылардың қызығушылығына бейімдеу және түсіну деңгейін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау қажет.

Қай пәндерді сіз ең пайдалы деп санайсыз және негізгі?

Оқушылардың таңдауларына негізделіп отырып, **алгебра, ағылшын тілі және тарих** пәндері ең пайдалы деп саналады. Бұл пәндер оқушылардың жан-жақты дамуына және болашақтағы жетістіктеріне айтарлықтай ықпал ететіндігін көрсеткен. Ағылшын тілі – жандық қарым-қатынас тілі ретінде, болашақ мамандықтары үшін маңызды екенін, тарих пәні әлемнің және қоғамның дамуын түсінуге, өз тарихы мен тарихи тұлғаларды тану, болашақтағы мамандықтарын таңдау үшін көрсетіп отыр.

16 оқушы қазақ тілі, 14 оқушы биология, 13 оқушы физика, 10 оқушы химия, 7 оқушы дене шынықтыру, 6 оқушы орыс тілі, 6 оқушы география, 2 оқушы қазақ әдебиеті, 2 оқушы информатика пәндерін белгілеген. Бұл пәндерді қызықты ету үшін оқыту әдістерін жетілдіру және оқушылардың қызығушылығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу маңызды.

Қорытынды: Оқушылардың таңдауына сәйкес, алгебра, ағылшын тілі және тарих пәндері олардың логикалық, тілдік және мәдени дағдыларын дамытып, болашақтағы білім және мансап алуында табысқа жетуге мүмкіндік береді. Осы пәндердің әрқайсысы жан-жақты және үйлесімді даму үшін маңызды рөл атқарады.

«Қай пәндер бойынша қосымша түсіндіру немесе қосымша сабақтар қажет деп ойлайсыз?»

Оқушылардың жауаптарына сүйеніп отырып, алгебра, ағылшын тілі және тарих пәндері бойынша қосымша түсіндіру немесе қосымша сабақтар қажет екенігі анықталды. Бұл нәтижелер оқушылардың осы пәндерде қиындықтарға тап болатынын немесе тереңірек білім алуға ұмтылатындығын көрсетеді. 11 оқушы қосымша сабақтардың қажетсіз екенін белгілеген.

12 оқушы физика, 9 оқушы химия, 7 оқушы геометрия, 4 оқушы орыс тілі, 3 оқушы қазақ тілі, 3 оқушы география, 2 оқушы информатика, 2 оқушы дене шынықтыру пәндерін белгілеген. Жалпы алғанда, қосымша сабақтарға осы аталған пәндерге сұраныс жоғары емес, бірақ нақты пәндер бойынша қолдау қажет. Физика, химия және геометрия пәндеріне ерекше назар аударып, қосымша түсіндіру сабақтарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың үлгерімін және пәндерді меңгеру деңгейін жақсартуға болады.

Қорытынды: Бұл пәндер бойынша қосымша түсіндіру сабақтарын ұйымдастыру оқушылардың үлгерімін жақсартуға, пәндерді тереңірек түсінуге және білім сапасын арттыруға көмектеседі. Әр пән бойынша оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, жеке және топтық қосымша сабақтарды өткізуді қарастыру маңызды.

3. Мұғалімдер және оқыту әдістері

«Мұғалімдердің сабақ беру әдістеріне қанағаттанамсыз?»

Оқушылардың көбісі мұғалімдердің сабақ беру әдістеріне «өте қанағаттанамын», «қанағаттанамын» деп (81%) оқушы жауап берген, бұл мұғалімдердің тиімді әдістер мен әдістемелерді қолданғанын, оқушылардың түсінігін қамтамасыз етуін және олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруын білдіреді.

Оқушылардың 19% «орташа», «қанағаттанбаймын», «әлдеқандай қанағаттанбаймын» деп жауап беруі оқыту әдістерін жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Бұл көрсеткіш мұғалімдердің кейбір әдістерінің барлық оқушыларға сәйкес келмейтінін немесе кейбір оқушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайтынын білдіруі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімдерге кері байланыс жинап, көбіні қолдау көрсету маңызды. Әдістерді жаңарту және оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделу арқылы оқу процесінің сапасын арттыруға және оқушылардың қанағаттану деңгейін жоғарылатуға болады.

Қорытынды: Мұғалімдердің жақсы жұмысын жалғастырып, үздіксіз кәсіби даму арқылы сабақ беру әдістерін әрі қарай жетілдіру маңызды.

«Сізге мұғалімдермен кері байланыс (сұрақ қою, талқылау) қанағаттанарлықтай ма?»

Оқушылардың көбісі «өте қолжетімді», «қолжетімді» (81%) деп белгілеген. Бұл мұғалімдер мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнағанын көрсетеді. Кері байланыстың қолжетімді болуы мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жағары екенін және олар оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасай алатынын көрсетеді.

«Орташа», «қолжетімді емес», «әлдеқандай қолжетімді емес» деп жауап берген 19% оқушының болуы мұғалімдермен кері байланыс орнату процесінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш оқушылардың кейбірінің мұғалімдермен еркін қарым-қатынас жасау, сұрақ қою немесе талқылау мүмкіндігінің шектеулі екенін білдіруі мүмкін.

Бұл қорытындылар мектептің даму жоспары мен мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал ететін стратегияларды анықтауға көмектеседі.

4. Оқу ортасы

Мектептегі оқу ортасы (сыныптар, оқу құралдары, кітапхана, компьютерлік кабинет) сіздің оқу процесіңізге қаншалықты қолайлы?

Оқушылардың көбісі «өте қолайлы», «қолайлы» (87%) білгілеген.

Бұл мектептегі оқу ортасының заманауи талаптарға сай екенін және білім алу үшін барлық қажетті ресурстардың бар екенін көрсетеді.

13% оқушының «орташа», «оқалысыз», немесе «мүлдем қалайсыз» деп жауап беруі кейбір оқушылар үшін оқу ортасының белгілі бір аспектілері қажетті деңгейде қолайлы емес екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш оқу ортасын жақсарту үшін назар аударуды қажет ететін аймақтардың бар екенін білдіреді.

Бұл қорытынды мектептің күшті жақтарын көрсетіп, болашақта осы деңгейін сақтап, әрі қарай дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруға негіз болады. Оқу ортасының кейбір жақтарын жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

«*Сізге оқу құралдары мен ресурстар жеткілікті ме?*»

Оқушылардың көпшілігі «толық жеткілікті», «жеткілікті» (97%) белгілеген.

Мектеп оқушыларға қажетті барлық оқу құралдары мен ресурстарды қамтамасыз етіп отыр. Бұл оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алуына қажетті жағдайлар жасалғанын көрсетеді.

1% оқушының «орташа», «жеткіліксіз», немесе «мүлдем жеткіліксіз» деп жауап беруі кейбір оқушылар үшін оқу құралдары мен ресурстардың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Кейбір пәндерге арналған арнайы оқулықтар, жабдықтақ, немесе цифрлық ресурстар жетіспеуі мүмкін.

Бұл қорытындылар мектептің ресурстық қамтамасыз етілу деңгейінің оқушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыратынын және олардың оқу қажеттіліктеріне оң әсер ететінін айқындайды.

5. Қосымша бағдарламалар мен іс-шаралар

«*Мектептегі қосымша бағдарламалар (үйірмелер, секциялар, жобалар) сізге қызығалықты пайдалы?*»

Оқушылар «өте пайдалы», «пайдалы» деп (75%) белгілеген. Оқушылар қосымша бағдарламаларды пайдалы деп бағалағандықтан, бұл үйірмелер, секциялар және жобалар олардың қызығушылықтарын дамытуға, жаңа дағдыларды игеруге және бос уақытын тиімді өткізуге көмектесетінін көрсетеді.

15% оқушы «орташа», «пайдалы емес», «мүлдем пайдалы емес» деп белгілеген, оқушылардың қанағаттанбауы кейбір бағдарламалардың оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келмеуін немесе қызықсыз болуын көрсетеді.

Бұл қорытындылар мектептің қосымша бағдарламаларының оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың дамуына оң әсер ететінін көрсетеді. Болашақта мектеп осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, оқушылардың қызығушылықтарына сәйес жаңа бағдарламалар енгізуді қарастыруы мүмкін.

«*Қандай қосымша бағдарламалар немесе іс-шаралар енгізілгенін қалайсыз?*»

Оқушылардың ұсыныстарына қағал, келесі қорытындыларды жасауға болады:

Шығармашылық пен өнерге қызығушылық:

Оқушылардың гитара, кобыз, домбыра сияқты музыкалық аспаптарға үйренуге деген сұранысы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өнерге деген қызығушылығын көрсетеді. Бұл бағытта қосымша үйірмелер ұйымдастыру арқылы оқушылардың эстетикалық тәрбиесін күшейтуге болады.

Қаржылық сауаттылықтың қажеттілігі

Оқушылар қаржылық білім алуға қызығушылық танытуда. Бұл олардың болашақта өз қаржыларын дұрыс басқаруға, жеке бюджетті жоспарлауға және қаржылық шешімдер қабылдауға дайын болуын білдіреді. Мектепте қаржылық сауаттылық бойынша курстар немесе семинарлар өткізу маңызды болмақ.

Болашаққа дайындық

Жоғары сынып оқушылары университетке дайындалу үшін арнайы үйірмелер сұрап отыр. Бұл олардың білімін тереңдетіп, ҰБТ және басқа да емтихандарға дайындық деңгейін көтеруге ықпалын білдіреді. Бұл ретте, университетке дайындық бағдарламалары мен қосымша курстардың енгізілуі өте орынды болады.

Бұл қорытындылар оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған бағдарламаларды енгізу қажеттігін көрсетеді. Мектепте шығармашылық, спорттық, қаржылық сауаттылық және академиялық дайындықты қамтитын әртүрлі үйірмелер мен курстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға болады.

6. Жалпы ұсыныстар

• Сіз мектептің білім беру мазмұнын жақсарту үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

Оқушылардың ұқыптыстарынан келесі қорытындыларды жасауға болады:

Оқушылардың оқу үдерісін жақсартуға деген қызығушылығы

Қоңырауды ұзарту және тақталарды жанарту ұсыныстары оқушылардың оқыту жағдайларын жақсартуға ұмтылысын көрсетеді. Бұл олардың оқу үдерісінің қолайлы әрі тиімді болуын қалауын білдіреді.

Ұстаздар мен оқушылардың өзара әрекеттесуін нығайту қажеттілігі

Ұстаздардың оқушылармен қызықты шаралар өткізуі туралы ұсыныс оқушылардың мұғалімдермен қарым-қатынасын жақсартуға және оқытудың қызықты формаларын қолдануға деген сұранысын білдіреді. Бұл оқу үдерісін қызықты әрі интерактивті ету арқылы оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттырады.

Ұсыныстар:

Оқу жағдайларын жақсарту

Қоңырауды ұзарту арқылы оқушыларға тынығуға, тамақтануға және дайындалуға көбірек уақыт беру. Бұл олардың көңіл-күйлерін және оқу үлгерімін жақсартуы мүмкін.

Технологияны жанарту

• **Мектеп-гимназияның дамуы үшін қандай өзгерістер қажет деп ойлайсыз?**

Оқушылардың жауаптарынан мектеп-гимназияның дамуына қатысты келесі қорытындыларды жасауға болады:

Мектептің қазіргі жағдайына қанағаттану

Көптеген оқушылар мектептің қазіргі жағдайына қанағаттанып, ешқандай өзгеріс қажет емес екенін айтады. Бұл мектептің жоғарғы деңгейде жұмыс істеп жатқанын және оқушылардың оны жақсы көретінін көрсетеді.

Білім беру мен оқу жағдайларын жақсарту қажеттілігі

Бірқатар ұсыныстар, мысалы, пәндерді тереңдетіп оқыту, 5 күндік оқу жүйесіне көшу және технологиялық гаджеттерді қолдану мүмкіндіктерін кеңейту сияқты ұсыныстар білім беру сапасын арттыруға және оқу жағдайларын жақсартуға бағытталған. Оқушылар заманауи технологияларды және тереңделген білім алуына қалайды.

Инфрақұрылым мен мектеп кеңістігін жақсарту

Мектепті үлкейту, оқушылар санын азайту, ойын алаңдарын құрудемалыс орындарын және мектептегі тазалық қызметкерлеріне арнайы демалыс бөлмелерін ұсыну сияқты ұсыныстар мектеп инфрақұрылымын жақсарту қажеттігін көрсетеді. Бұл оқушылардың мектепте жайлы болуын және тиімді оқу ортасын қамтамасыз етуді көздейді.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу

Ойын алаңдары, қызықты бейнероликтер жасау (мысалы, TikTok сияқты платформаларда), және қоңырау уақытын ұзарту сияқты ұсыныстар оқушылардың бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге бағытталған.

Асхана қызметін жақсарту

Асхана мәзірін кеңейту, сусындар мен басқа да тағам түрлерін қосу ұсыныстары оқушылардың тамақтану жағдайларын жақсартуды көздейді. Бұл олардың мектепте жайлы сезінуіне және денсаулығын жақсартуға көмектеседі.

Жалпы ұсыныстар:

Оқу бағдарламасын байыту

Бұл ұсыныстар мектеп-гимназияның дамуына, оқушылардың қанағаттануына және жалпы оқу үдерісін жақсартуға бағытталған маңызды өзгерістерді қамтиды.

Мектеп-гимназияның даму жоспары бойынша педагогтермен жүргізілген сауатнаманың нәтижелері

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер саны – 219.

Мақсаты:

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы сапалы білім мен тәрбие үрдісінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, заманауи талаптарға сай бейімделене алатын тұлға тәрбиелеу.

Хүтілетін нәтиже: Мұғалім құзыреттілігін көтеру нәтижесінде мектепті заманауи деңгейге жеткізу. Критериялды бағалау қолдану арқылы, білім көрсеткіштері жоғарылайды. Салуатты өмір салтын ұстанған функционалды сауатты, бойында отаншылдық, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп мәдениеті: мұғалім – оқушы – ата-ана қарым-қатынасы жақсарады. Материалдық-техникалық ресурстармен мектеп базасы толықтырылады.

Республикамызда мектептегі білім беру жаңартылған жүйе бойынша іске асып келеді. Мектепті дамыту жоспары, бірінші кезекте, мектепте қолданылатын іс-құжат. Ол өнімділіктің қазіргі деңгейінің талдауы, қазіргі үрдістер мен балапак факторлар мектептерге бағиалықты әсер ететіндігіне мектептің берген бйасының негізінде жасалады және ілдегі жұмысты жетілдіру бойынша басымдық пен міндеттерді анықтайды. Мектептің даму жоспарын жасауда сауалнама қорытындылары бойынша «ата-ана үні», «оқушы үні», «мектеп персоналдарының үнінен» анықталған басымдықтардың бәрін біріктіріп, түзету жолын қарастыратын бір ортақ тақырып талдау «темамызды да, жауапты істердің бірі болды. Жетілдіруді қажет ететін сұрақтардың негізінде мектептің даму жоспарының басымдылығы ретінде *«Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуі — жеке тұлғаның шығармашылық дамуының негізі»* деген басымдық алдық. Себебі, мұғалімдер заманауи талапқа сай оқатудың жаңа әдістерін меңгезіп, оқушыларды ынталандыру арқылы өздіктерінен оқудағыларын қалыптастырғанда мектепке ата-ананың көзқарасы да өзгеріп, мұғалім ата-ана, мұғалім — оқушы араларында коллаборативті орта қалыптастыру арқылы деген сеніммен. Мектептегі жаңа оқу жылында осы басымдылықтың шешімін табу төңірегінде жұмыстарды атқаруды көздейміз.

Даму жоспарын жасау барысында басымдықтарды түзету мақсаттарын, табиғи критерийін нақтыладық. Мектептің даму жоспарын құруда қарастырылған іс-шаралардың бағыттары: жоспарлау, іске асыру, өзгерістерді бағалау (эвалюациялау) болып отыр.

- **Мектеп-гимназияның білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін қандай бағыттарды дамыту қажет деп есептейсіз?**

1. Ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларына ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл оқушыларға заманауи әлемде бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі. Бұл оқушылардың қоғамда және түрлі мәдени ортада өздерін дұрыс ұстауға үйретеді.
2. Оқушылардың тек білімдерін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын дамыту. Жобалық және зерттеу жұмыстары арқылы дағдыларын шыңдау. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану, электрондық оқулықтар мен білім беру платформаларын енгізу. Оқушыларды IT-технологияларға үйрету.
3. STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) білімін нығайту: Қазіргі заманғы технологияларға негізделген пәндерге көбірек көңіл бөліп, оқушыларды осы салаларда жетілдіру. Көптілділік пен халықаралық коммуникация: Оқушылардың бірнеше тілде еркін сөйлеуін қамтамасыз ету және халықаралық байланыстарды дамытуға мүмкіндік беру үшін шет тілдерін оқытуды күшейту.
4. Кабинет аудитора. Что это значит? Это кабинеты, где есть планшеты либо компьютер, наушники. Например слушать произведение в наушниках, (читает учитель) ученики выслушивают отрывки, начинают работать через планшет или ПК. Так можно проводить сор и соч
5. Stem білім. Инклюзивті білім беру. Экологиялық білім
6. Лингвистикалық кабинет для изучения английского языка
7. Мектеп қабырғасында ер балалар жүргізуші қуәлігін, қыз балалар тігінші қуәлігін алып шықса, яғни осындай пәндер бойынша қосымша сабақтар жүргізсе;

- **Қандай пәндер бойынша қосымша әдістемелік қолдау немесе ресурстар қажет деп ойлайсыз?**

1. Шетелдік әріптестермен терең байланыс орнату.
2. Тіл үйрену платформалары, тілдік клубтар, шетел тіліндегі сөйлесу тәжірибесі, халықаралық байланыстар, әдеби жобалар мен конкурстардың үйлесімділігі
3. Мастер-класстар мысалы ЭКО қағаз өндіру, гончарныс (қызыл құмыра жасау не керамика) арт-терапия бағытында бірнеше салы қамтылған
4. Шет мемлекеттерде ұйымдастырылатын халықаралық семинар, курс, оқуларға мұғалімдердің қатысуын қамтамасыз ету.
5. “Тұлға қайып дүние” дегендей, үйірмелер, дебат клубтары гүлдермен дағдай орындық арме жабдықталған кабинетте өткізілсе,

6. Қосымша бейнематериалдар, интерактивті қарталар, виртуалды экскурсиялар және тарихи оқиғаларды визуализациялайтын ресурстар пайдалы болуы мүмкін.
7. Teacher's book для 8-11 кл для каждого учителя
8. Колонер үйірмесін ашу
9. EPOXY Көркем еңбек пәніне ART RESIN и EPOXY ART құрал жабдықтар қажет
10. Паспортталған кабинеттерде оқушылар үшін планшеттердің болуы.
11. Арнайы кабинеттерге планшеттер

- **Сабақ беру әдістерін жақсарту үшін қандай жаңа технологияларды немесе әдістемелерді енгізу керек деп санайсыз?**

1. Stem технологиясын енгізу керек
2. Кітапханада эхо-мультестудия алаңы құрылып, оқырмандар өздері оқыған кітаптарының желісімін немесе өз қиялдарымен жазған сценарий бойынша мультфильмдер түсірсе.. Яғни оқушы қоюшы режиссер, сценарий авторы, дыбыстаушы болуды үйреніп, қағаздан немесе басқада құралдар арқылы жансызға жан бітіруді үйренеді. Ол мектептің әлеуметтік парақшасына, сайттарға жарияланып, көпшілікке жол тартады. Сонымен қатар мектептің әлеуметтік парақшасын, аптаның жаңалықтар дайдыжесті енгізіліп, толығырақ білу үшін сайт сілтемесі орналастырылса нұр үстіне нұр болар еді..
3. Заманауи платформаларды,мысалы,жасанды интеллект
4. LSOнлайн платформалар мен цифрлық ресурстарды пайдалану: Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін және оқытушының қала алауын жеңілдетін түрлі онлайн платформаларды қолдану. Мысалы, Khan Academy, Coursera, Google Classroom және т.б.
5. CTO,AKT
6. Kahoot, Quiz et, Mentimeter ,Аралас (Blended) технологиясы
7. Гибридті оқу үлгілерін енгізу
8. Виртуалды эртханалар
9. Mindsmith, Auto Classmate сабақ жоспарын жасау генераторы
10. EPOXY ART RESIN и EPOXY ART Техникасымен жұмыс жасалуды және де осыған арнайы құрал жабдықтар қажет деп ойлаймын

- **Мұғалімдер үшін қандай кәсіби даму бағдарламалары қажет деп ойлайсыз?**

1. Логикалық бағдарламалар(XIX ғасыр көшбасшысы сияқты т.б.)
2. Жаңа әдеби трендтер, жаңа ағымдар мен әдебиеттерді, әдеби ағымдар мен жанрларды зерттеу, әдеби сын және рецензия жазуға үйрету
3. Алыс және жақын шетел педагогтері мен кәсіби байланыс жасау бағытында жұмыстану
4. Методический курс "Апгрейд 45 минут"
5. Тәжірибе алмасу үшін шет елге стажировкаға жіберілсе? Мыс: "Болашақ"бағдарламасымен,(TEFL),(IVLP) (АҚШ) ," Travel and study"т.б
6. Көшбасшылық және менеджмент:Мектепшілік көшбасшылық дағдыларын дамытуБілім беру саласындағы жобаларды басқару

- **Сізге кәсіби даму бойынша қандай тренингтер немесе семинарлар пайдалы болар еді?**

1. Шет елдердегі семинарларға бару. Жетекшілік және басқару дағдылары – Басқару қабілеттерін арттыру үшін тренингтер.Коммуникация дағдылары – Жаксы сөйлесу, тыңдау, және келіссөз жүргізу дағдылары.Уақытты басқару – Жұмысты тиімді жоспарлау және уақытты дұрыс бөлу.Көшбасшылық тренингтері – Көшбасшылық сапаларды дамыту үшін семинарлар.Техникалық дағдылар – Мамандығыңызға байланысты техникалық білімдер мен құралдарды үйрету.
2. Мобилография курсы бойынша семинарлар өткізілсе
3. Развитие креативного мышления у детей Семей Лилии Мухометишиной

- **Мектептегі мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуды қалай жақсартуға болады деп санайсыз?**

1. Кішігірім клуб ашылып, әр мектептің өз білген түйгендерін ортаға салып отырса
2. Бейіндік сыныптарда және жалпы сыныптарда педагогикалық эксперименттік сыныптар ашу және инклюзивті білім беруді дамыту бойынша көшбасшы педагогтерден, тренерлерден құралған бастамашыл топ құру керек

- **Мектептің материалдық-техникалық базасын дамыту үшін қандай өзгерістер қажет деп ойлайсыз?**

1. Безендіру кезінде нақыл сөздер немесе сурет жазылғаннан гөрі көбейту кестесі немесе басқа да оқушылар күнде қарап жатпай алағын қажет ақпарат болса
2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жабдықтар мен құралдарды енгізу. Бұл инклюзивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.
3. Спорт алаңдары, ойын алаңдары мен демалыс аймақтарын заманауи стандарттарға сәйкес жанағату.
4. коворкинг орталығын ашу, әр адам еркін форматта өзін сезіну
5. Лингафондық кабинет
6. Әр блокқа мектеп жаңалықтарын көрсетіп тұратын экрандар
7. Современный: парты отдельные на каждого ученика, документ-камеры не помещались бы
8. Үйірмелер арқылы өндіріс орындарын ашуда болмас па еді?
9. Установка перед школой бюста Д.Конаева
10. Кофе - машина және тәттілер сататын автоматтар орналастырмаса, асхана оқушылардан босамаған кезде қолдануға

- **Сіздің мектептің инфрақұрылымында немесе жабдықталуында не қанағаттандырмайды?**

1. Театр, робототехника, дизайн, эллік бағыт, шағын маркет (оқушылар ар қаржылай сауатты болуға), арнайы банк, карточка, қаражатты жою: парлау, киын жағдаяттардан ересектердің көмегісіз жол табуды үйрететін орталық
2. телекөпір, балалардың жас ерекшеліктеріне орай ток-шоу
3. Қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік жобаларға қатысу: Еріктілік бағдарламалары: Оқушыларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуға ынталандыру. Бұл шаралар олардың әлеуметтік жауапкершілігін дамытады және креативті ойлауға жетелейді. Әлеуметтік жобалар: Оқушыларға өздерінің қоғамға пайда әкелетін жобаларды асыруға және іске асыруға мүмкіндік беру. 9. Цифрлық сауаттылық пен IT дағдыларды дамыту: Бағдарламалау және робототехника курстары: Оқушылардың аналитикалық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін бағдарламалау және робототехника бойынша курстар ұйымдастыру. Цифрлық жобалар жасау: Оқушыларды мультимедиялық және цифрлық жобалар жасауға ынталандыру арқылы олардың креативті және техникалық дағдыларын дамыту.
4. Кросс-пәндік байланыс

- **Оқушылардың тәрбие жұмысын жақсарту үшін қандай қосымша бағдарламалар немесе жобалар енгізу керек деп ойлайсыз?**

1. "LS-Сабакты зерттеу" әдісі арқылы түгел бір класты (әсіресе қазіргі таңдағы жалпы кластарды) тәртіпке шақыруға кбден болады.
2. Мүсін жасау театр бағытымен
3. "Сырласу", "Үят болмасын" танымдық кештер


- **Сіз мектеп-гимназияның дамуы үшін қандай жалпы ұсыныстар жасар едіңіз?**

1. Педагог-профориентолог болма болса
2. Сыртқы серіктестіктермен ынталықтастық орнату. Мәселен халықаралық мектептермен байланыс орнату, тәжірибе алмасу!
3. 1. "Сотрудничество с бизнесом" - создание программ стажировки и практик для старшеклассников в местных компаниях, что поможет подготовить их к реальной работе. 2) "Пилотные проекты" - внедрение экспериментальных образовательных инициатив с возможностью их последующего масштабирования.
4. Живой уголок или зимний сад
5. Мектеп ауласына Қонаевқа арналған парк жабдыкталса

Ата-аналарға арналған сауалнаманың қорытындысы

1. Жалпы сұрақтар Сіздің балаңыз қай сыныпта оқиды?

1 292 ответа




Сіз мектеп-гимназияның білім беру деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?

1 292 ответа



Сіздің ойыңызша, мектеп бағдарламасының мазмұны баланың білімін дамытуға қаншалықты сәйкес келеді?


1 292 ответа



- Өте сәйкес келеді
- Сәйкес келеді
- Орташа
- Сәйкес көпмейді
- Мүлдем сәйкес көпмейді

Балаңыздың пәндер бойынша алған білімін қаншалықты жеткілікті деп санайсыз?


1 292 ответа



- Өте жеткілікті
- Жеткілікті
- Орташа
- Жеткіліксіз
- Мүлдем жеткіліксіз

Мұғалімдердің оқыту әдістеріне қаншалықты қанағаттанасыз?


1 292 ответа



- Өте қанағаттанамын
- Қанағаттанамын
- Орташа
- Қанағаттанбаймын
- Мүлдем қанағаттанбаймын

- Сіз мектептің материалдық-техникалық базасына (оқу құралдары, кабинеттер, кітапхана және т.б.) қаншалықты қанағаттанасыз?

1 292 ответа



- Өте қанағаттанамын
- Қанағаттанамын
- Орташа
- Қанағаттанбаймын
- Мүлдем қанағаттанбаймын

Сіздің балаңызға мектептегі қосымша бағдарламалар (үйірмелер, секциялар, экскурсиялар) қаншалықты пайдалы?

1 292 ответа



Мұғалімдермен кері байланыс (қабылдау сағаттары, ата-аналар жиналыстары және т.б.) қаншалықты тиімді?

1 292 ответа



1) Қандай пәндер немесе тақырыптар бойынша қосымша білім немесе қолдау қажет деп ойлайсыз? Ағылшын, Орыс тілі, Математика

2) Қандай қосымша ресурстар немесе құрал-жабдықтар мектепте қажет деп ойлайсыз?

Лаборатория, 5 күндік болғанын қалаймыз, Мектеп дамыған

3) Қандай қосымша бағдарламалар немесе іс-шаралар енгізілгенін қалайсыз?

- а) Математика
- в) Лаборатория
- с) Клубтер тегін
- д) Ментальная арифметика

4) Қандай қосымша бағдарламалар немесе іс-шаралар енгізілгенін қалайсыз? Робототехника, бассейн

5) Мектеп-гимназияның білім беру мазмұнын жақсарту үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіз? 2 ауысымға ауысып, 5 күндік болса жақсы болар еді

III. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙЫМЫ.

Бағдарлама мектептің даму тенденцияларын көрсетеді, педагогикалық және оқушы ұжымдары жұмысының негізгі мәселелері мен міндеттерін сипаттайды, білім беру процесінің мазмұны ұйымдастырылуын жақсарту шараларын ұсынады. Осы кезеңдегі мектептің дамуы оқушының жеке өсуіне, оның ақпараттық қоғамдағы өмірдің әртүрлі салаларында толыққанды қатысуына дайындық және жағдай жасауды қамтиды.

Бағдарлама - басқару құралы, білім беру процесін дамытуға бағытталады. Мектепті басқаруды жүйелеуге, қоғам сұраныстарына, педагогикалық ғылымның даму деңгейіне және өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес келетін білім беру саласына қол жеткізуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеуге және іске асыруға, мектептің демократиялық құрылымын азаматтық қоғамның қолданыстағы моделі ретінде қалыптастыруға арналған. Сайып келгенде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасында қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған шара.

1-мақсат қазақстандық білім берудің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етумен, Қазақстанның жалпы білім беру сапасы бойынша әлемнің жетекші 10 елінің қатарына кірумен сипатталатын білім беру сапасы.

2-мақсат білім берудің қолжетімділігі;

3-мақсат Қазақстан Республикасы халықтарының рухани-адамгершілік құндылықтары, тарихи және ұлттық-мәдени дәстүрлер негізінде үйлесімді дамыған және әлеуметтік жауапты тұлғаны тәрбиелеу.

Білім беру мекемелерінің өзара желілік іс-қимылын дамыту арқылы білім беру қызметтерінің барынша мүмкін болатын кешенін көрсету үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жасауға болады. Бұл тетік оқу-тәрбие, ғылыми-әдістемелік қызметті бірыңғай жоспарлау шеңберінде күш-жігерді біріктіруге, білім беру мекемелерінің, әлеуметтік әріптестердің қызметін бірыңғай бағытта интеграциялауға ықпал ететін болады.

Біздің мектептің қалыптасу ерекшелігі мыналарға бағытталған:

- мектеп қауымдастығының өмірінің әртүрлі аспектілерін жақсарту;
- білім беру нысандарының, мазмұны мен сапасының өзгеруі;
- қатысушылардың білім сапасын өзгерту арқылы өмір сапасының өзгеруі (әлеуметтік функция);
- мектеп қоғамдастығын бүтінгі өмірдің өзекті мәселелерін шешуде белсенділікті арттыру (әлеуметтік функция).

Мектепті дамыту бағдарламасы осы тұжырымдаманы орындауға бағытталған.

IV. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МИССИЯСЫ

Жұмыс тәжірибесін, жетістіктері мен даму проблемаларын талдау мектептің даму бағдарламасының миссиясын тұжырымдауға мүмкіндік береді: «**Жетістіктерге жетуге қабілетті, терең білім мен ұлттық құндылықтармен қаруланған, қоғамға үлес қоса алатын табысты тұлғаны қалыптастыру**», яғни білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жүйелі дамып келе жатқан білім беру ортасын құру.

Бағдарламаның миссиясы білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларын дамыту деңгейінде нақтыланған.

Білім алушылар деңгейінде:

Мектеп жеке және жалпы игілікке, қазақ мәдениетінің құндылықтарын сақтауға және дамытуға қамқоршылық жасайтын адамдардың білім алуына ықпал етеді, келесі амбебап құзыреттерді игеруге жағдай жасайды:

- өзін-өзі дамыту қабілеті
- тиімді қырым-қатынас жасау және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру қабілеті;
- шешім қабылдау және оған жауап беру қабілеті;
- қабылдаған шешімді жүзеге асыру қабілеті;
- жаңа қымет түрлерін игеру қабілеті;
- жобалау, оның ішінде өзін-өзі басқару және дамыту дағдыларын меңгеру;
- өзінді, бейімділіктеріңізді түсіну, кәсіби сапаны таңдауға дайын болу және ұмтылу;

Педагогтер деңгейінде:

- білім беру процесін даралау технологияларын меңгеру;
- педагогтың кәсіби стандартында айқындалған және мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру кезінде тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану;
- білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін іске асыру кезінде тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану;
- АКТ қоса алғанда, заманауи педагогикалық және білім беру технологияларын жетік меңгеру;
- пәндік, ақпараттық білім беру және әлеуметтік мәдени ортаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қойылған мақсат-міндеттердің шешімін табу.

V. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОҒЫ

Мектептің инновациялық тұрғыдан дамып келе жатқан білім беру ортасына белсенді қатысуы — білім алушылар мен педагогтерді қызметтік-ақпараттық білім беру спектрін кеңейтуге, ынталандыруға ықпал етеді және білім беру сапасын арттыруға әкеледі.

Мектепті дамыту тұжырымдамасы білім беру ортасы мен білім беру кеңістігін қалыптастыратын, білім беру қызметтерінің вариативтілігін және жеке тұлғаны дамыту процестерін жеке сүйемелдеу сапасын арттыратын жаңа ұйымдастырушылық тетіктер негізінде білім беру сапасын арттыру, көптеген әлеуметтік сұраныстарды ескіре отырып, білім беру тиімділігі, білім беру сапасын дамытуды басқаруға қоғамның қатысу кеңістігін кеңейту сияқты стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған.

Инновацияларды енгізу: бағдарламаны игеруге қиындықтарға тап болған білім алушыларды тәжірибелік сүйемелдеу, қосымша білім беруді білім беру процесіне интеграциялау.

Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім алуға тең мүмкіндік беруді көздейді. Бұл процесс әртүрлі мамандардың, соның ішінде психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (ПМПК) бірлескен жұмысын талап етеді. ПМПК инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады және олардың қызметі білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жүзеге асады.

ПМПК мен білім беру ұйымдарының бірлескен жұмысы келесі бағыттарда жүзеге асады:

1. Диагностика және бағалау
 - ПМПК баланың даму деңгейін, ерекше қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін анықтау үшін кешенді диагностика жүргізеді.
 - Алынған деректер баланы инклюзивті сыныпқа немесе арнайы қолдау көрсетілетін топқа орналастыру үшін негіз болады.

2. Жеке білім беру траекториясын әзірлеу

- ПМПК-ның ұсыныстарына сүйеніп отырып, мұғалімдер мен арнайы педагогтар баланың қажеттіліктеріне бейімделген жеке білім беру

бағдарламалары (ЖББ) жасайды.

- Бұл бағдарламалар оқу материалдарын бейімдеуді, арнайы әдістер мен құралдарды пайдалануды қамтиды.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

- ПМПК мамандары (психологтар, логопедтер, дефектологтар) білім беру ұйымдарымен бірлесіп, баланың дамуына тұрақты түрде қолдау

көрсетеді.

- * Олар баланың білім алуығы прогресін бақылап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.
- 4. Мұғалімдер мен ата-аналарды оқыту
- * ПМПК мамандары инклюзивті сыныптағы мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетеді.
- * Сонымен қатар, ата-аналарға кеңес беру арқылы олардың баланың білім алу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.
- 5. Қолайлы орта құру
- * Инклюзивті білім беру аясында ПМПК білім беру ұйымына баланың қажеттіліктеріне сәйкес ортаны ұйымдастыру бойынша ұсыныстар береді (мектеп ішіндегі физикалық қолжетімділік, арнайы жабдықтар, оқыту құралдары).
- 6. Мониторинг және түзету
- * ПМПК мамандары баланың даму динамикасын тұрақты түрде бақылап, білім беру мекемесімен бірлесіп қажетті түзетулер енгізеді.

Бірлескен жұмыстың маңыздылығы.

Инклюзивті білім беру жүйесінде ПМПК мен білім беру мекемелерінің тығыз ынтымақтастығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуы мен қоғамға бейімделуіне жағдай жасайды. Еұл балалардың әлеуетін толықтай ашуда мүмкіндік беретін маңызды қадам.

VI. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

Бағдарламаның мақсаттарына жету жолдары білім беру қызметінің келесі құндылықтарына бағдарлануды көздейді:

- баланың қабілеттерін іске асыруды және жеке жетістіктердің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті білім беру мазмұнына, технологиялары мен жағдайларына қойылатын талаптардың жоғары деңгейі ретінде қарастыруға болатын білім сапасы;
- қазіргі білім беру ортасы баланың өзгермелі білім беру сұраныстарын жүзеге асыру;

Мектептің дамуы келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- білім беру сапасын арттыруды мақсатты басқару;
- барлық білім алушылардың қабілеттерін дамыту үшін білім беру траекториясын таралау.
- білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу және әлеуметтендіру;
- кәсіби стандарт контекстінде Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша жұмыс;
- мектеп- қауіпсіз орта.

VII. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА КҮТІлетін нәтижелер және нысаналы индикаторлары

	НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	ЖОСПАРЛЫ КЕЗЕҢДЕР					
			2024 ЖЫЛ	2025 ЖЫЛ	2026 ЖЫЛ	2027 ЖЫЛ	2028 ЖЫЛ	2029 ЖЫЛ
1. ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ								
1	1 компьютерге шаққанда келетін оқушы саны	Бала/ компьютер	8	7	7	6	5	5
2	Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі (физика, химия, биология, робототехника, STEM)	Саны	8	13	15	15	15	15

3	Класс кабинеттерде интерактивті панельдердің болуы	Саны	79	110	120	130	130	130
4	Интернетке қосылу көрсеткіші (Wi-Fi жүйесі болуы)	%	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
5	Оқытуды қамтамасыз етуге арналған, лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету			80 %	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
2. САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ								
1	Оқушылардың білім сапасының көрсеткіші	%	59 %	61 %	63 %	65 %	67 %	67 %
2	Пәндік олимпиаданы облыстық деңгейінде орын алған оқушылар саны.	Саны	8	9	10	11	12	12
3	Пәндік олимпиаданы республикалық деңгейінде орын алған оқушылар саны.	Саны	1	1	2	2	2	2
4	Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алған түлектер үлесі	Саны	4	10	10	10	10	10
5	Жалпы орта білім туралы үздік аттестатын алған оқушылар үлесі	Саны	13	10	10	10	10	10
6	Негізгі орта білім туралы үздік аттестатын алған оқушылар үлесі	Саны	27	32	34	35	35	35
7	Қосымша ақылы білім беру қызметтерімен қамтылған оқушылар үлесі	%	33,00%	35,00%	38,00%	42,00%	46,00%	46,00%
8	PISA тестілеу нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау: <i>математика бойынша орташа балл.</i>	Балл		PISA-2025 – 435 (2-деңгей)			PISA-2029 – 445 (2-деңгей);	PISA-2029 – 445 (2-деңгей);
9	PISA тестілеу нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау:			PISA-2025 – 396 (1a деңгейі),			PISA-2029 – 406 (1a	PISA-2029 –

	оқылым бойынша орташа балл.						деңгейі);	406 (1а деңгейі);
10	PISA тестілеу нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау: <i>жаратылыстану бойынша орташа балл.</i>			PISA-2025 – 433 (2-деңгей),			PISA-2029 – 443 (2-деңгей)	PISA-2029 – 443 (2-деңгей)
11	PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен білім алушылардың үлесі - <i>математика</i>	%		54%			PISA-2029 57%	PISA-2029 57%
12	PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен білім алушылардың үлесі - <i>оқылым</i>	%		38%			PISA-2029 40,00%	PISA-2029 40,00%
13	PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен - <i>жаратылыстану</i>	%		56%			PISA-2029 57%	PISA-2029 57%
14	Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және иікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі	%		45 %	50 %	55 %	60 %	60 %
3. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ								
1	Қалалық ПМПК инклюзивті білім беру бойынша өзара іс-қимыл	%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

	бойынша іс-шаралар: -диагностика және бағалау; -бейімделген білім беру траекториясын әзірлеу; -психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету..							
2	Педагогтер мен ата-аналарды оқыту: -ПМПК мамандары инклюзивті оқыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету; -ата-аналарға кеңес беру;	%	30%	35%	40%	40%	50%	53%
3	Инклюзивті білім беру бойынша мамандармен қамтамасыз ету (дефектолог, логопед, тсс)	Саны	4	5	6	6	8	8
4	Инклюзивті оқыту бойынша кабинеттер ашу	Саны	1	2	4	4	4	4
5	Инклюзивті оқыту бойынша қажетті құралдармен (оқулықтармен) қамту	%	90%	100%	100%	100%	100%	100%
4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН КАДІРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ								
1	5 жылда 1 рет педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуі	%	82%	90,00%	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
2	Ақпараттық коммуникациялық технологияларды еркін қолдана алатын педагогтардың үлесі.	%	45,00%	60,00%	75,00%	95,00%	100,00%	100,00%
3	Ағымдағы жылы мектепке жұмыс істеуге келген жас мамандар үлесінің серпіні,	Саны	14	10	8	7	9	9
4	«Магистр» ғылыми дәрежесі бар мұғалімдер саны.	Саны	28	30	33	36	39	39
5	«Педагог-шебер» категориясы бар мұғалімдер саны.	Саны	4	5	6	7	8	8

	Жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі (педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы) — 47,7 % (4 шебер, 70 зерттеуші, 44 сарапшы)	Сапа %	47,7 %	50 %	53 %	56 %	60 %	60 %
6	Эксперименттік, зерттеу, қолданбалы жұмыстарға, ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оқу және әдістемелік басылымдарға сараптама жасауға қатысуы, авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының, ғылыми әзірлемелерінің, басылымдарының бар болуы, озық педагогикалық тәжірибе енгізу	%	43,00%	46,00%	49,00%	52,00%	55%	55%
7	Оқушылардың кәсіби бағдарын диагностикалау қабілетін қамтамасыз ету	%	80,00%	85,00%	90,00%	95,00%	100,00%	100,00%
5. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУ								
1	Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі (физики, химия, биология, робототехника, STEM)	Саны	8	13	15	15	15	15
2	Класс кабинеттерде интерактивті панельдердің болуы	Саны	79	110	120	130	130	130
	Интерактивті білім беру үшін жағдай жасау деңгейі	%	65 %	80 %	100 %	100 %	100 %	100 %
3	Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету	%	85 %	90 %	100 %	100 %	100 %	100 %
4	Спорт жабдықтарын жаңарту	%	85 %	90 %	100 %	100 %	100 %	100 %
5	Жаңа үлгідегі компьютерлермен қамтамасыз ету.	%	50 %	80 %	100 %	100 %	100 %	100 %

6	Кітапхана қоры мен материалдық техникалық базасын толықтыру және жаңарту.	%	70 %	80 %	100 %	100 %	100 %	100 %
7	Терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес бағаларды кешенді қорғауды қамтамасыз ету		90 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %